



МРНТИ 16.21.61

¹Г. Сагидолда*
²Ә. Қайратқызы

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
²Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
*Байланыс үшін автор: asem963@mail.ru

Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы және қазіргі қыпшақ жазба тілдері лексикасының зерттелу барысы*

Аңдатпа. Мақалада қазіргі түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясының пәндік тұғырын қалыптастырудың, соның негізінде түркі тілдерінің сөз қазынасына, сөздік қорына, сөздік құрамына қатысты тұжырымдамалық ғылыми пікірлерді бір арнаға тоғыстырудың маңызы өзектеледі. Түркі тілдерінің лексикалық құрамына қатысты теориялық білімнің және қазіргі түркі тілдерінің лексикалық қорының біртұтас корпусын жасау үшін, ең алдымен, жеке тілдердің лексикология саласында қол жеткізген жетістіктеріне лингвистикалық сараптама жасаудың қажеттілігі теориялық тұрғыдан негізделіп, қазақ, башқұрт, құмық тәрізді қазіргі қыпшақ тілдерінің сөз қазынасының зерттелу барысына талдау жасалады.

Тіл дамуының тарихи эволюциясы барысында түркі тілдерінің қыпшақ тобына енетін тілдердің қайсы біреулері жан-жақты дамып, әдеби нормаға түсіп жетілген тілдер деңгейіне көтерілсе, енді біреулері ауыз-екі тілдік сөйленіс, қайсы біреулері белгілі бір тілдің диалектілері, тағы бірісі лингвоэкологиялық жағдайдағы жойылып, жоғалуға жақын шағын тілдер ретінде бүгінгі түркілік лингвоареалда белгілі бір дәрежеде әлеуметтік қызметтер атқаруда.

Қазақ, башқұрт, құмық тілдері – ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарынан бастап ұлттық жазба тілдер болып қалыптасып, дамыған өзара жақын туыстық қатыстағы тілдер болып саналады. Осы тілдердің әр қайсысын қазіргі қыпшақ тілдері дамуының қазіргі деңгейі тұрғысынан салыстыру барысында осы тілдер арасындағы лексикалық ортақтықтар мен айырмашылықтардың аражігі нақты айқындалады. Бұл бағыттағы зерттеулерді қолға алу барысында қыпшақ тобы тілдерінің лексикологиясына қатысты теориялық білімнің ғана емес, сонымен қатар қыпшақтық лексикалық ортақ қордың біртұтас корпусын жасауға мүмкіндік туары сөзсіз.

Түйін сөздер: түркі тілдері, түркі жазба әдеби тілдері, қыпшақ тілдік тобы, қазіргі қыпшақ тілдері, жазба тіл дәстүрлері, салыстырмалы лексикология, сөздік қазына, лексикалық қор, қазақ тілі, башқұрт тілі, құмық тілі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-8-21>

*This article is funded by the Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan under the grant project No. AR08856398 «Integration of the Turkic world in the XXI century: linguistic aspects of the Kipchak factor» for 2020-2022.

Кіріспе

Жалпытүркілік ортақ тектілден бастау алып, тарамдала өрбіген 40 шақты түркі тілдері Орталық Азияның далалық белдеуінен Еуразия мен Африка құрлығына дейін кең таралған ірі тілдік топ болып саналады. Түркілік лингоареалдың аса ауқымдылығы мен үзіліссіздігін түркі ру-тайпаларының ерте кездерден-ақ Орталық Азияның кіндігінен, яғни «түркілік атажұрттан» жан-жаққа тарамдала жайылуымен, атап айтқанда оғурлар мен қыпшақтардың қазіргі Украинаның батысынан Қазақстанға дейін созылатын, солтүстігінде Орал тауларымен, оңтүстігінде Кавказ тауларымен және Қара теңіз, Каспий (Хазар) теңіздерімен шектесетін орманды далаға қарай кетуі, тіптен Мысырға дейін жетуі; өзге түркі тайпаларының батысқа, Еуропаның түпкір-түпкіріне тереңдеуі; ұйғырлардың оңтүстікке, Шығыс Түркістанға, ал оғыздардың оңтүстік-батысқа, Иран, Анадолы жеріне және Балкан түбегіне қоныс аударуы, сонымен қатар түркілердің өздері орын тепкен Еуразия мен Африка құрлықтарында тарихи айрықша маңызды тарихи-геосаяси рөлдер атқаруымен байланыстыруға болады [1].

Орталық Азияның далалық белдеуінен Еуразия мен Африка құрлығына дейін таралған түркі тілдері Н.А. Баскаков ұсынған классификация бойынша тілдік белгілерінің ортақтығына қарай Батыс хун және Шығыс хун түркі тілдері деп, Батыс хун тілдері бұлғар тобы (солтүстік-батыс ареал), оғыз тобы (оңтүстік-батыс ареал), қыпшақ тобы (солтүстік-шығыс ареал) және қарлұқ тобы (оңтүстік-шығыс ареалы) тілдері болып, ал Шығыс хун тілдері ұйғыр-оғыз тобы (солтүстік ареал) және қырғыз-қыпшақ тобы (оңтүстік ареал) тілдері болып бөлінеді [2, 19-20 б.].

Тіл дамуының тарихи эволюциясы барысында бұл топтардағы тілдердің қайсы біреулері жан-жақты дамып, әдеби нормаға түсіп жетілген тілдер деңгейіне көтерілсе, енді біреулері ауыз-екі тілдік сөйленіс, қайсы біреулері белгілі бір тілдің диалектілері, тағы бірісі лингвоэкологиялық жағдайдағы жойылып, жоғалуға жақын шағын тілдер ретінде бүгін-

гі түркілік лингоареалда белгілі бір дәрежеде әлеуметтік қызметтер атқаруда.

«Қазіргі түркі тілдері» деген ұғым тіл дамуының ру-тайпалық кезеңдерінен жеке этникалық топтың, ұлыстың, этностың, халықтың тілі болып қалыптасқанға дейінгі этаптарда әр тарихи дәуірдің қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік ерекшеліктеріне сай азды-көпті өзгерістерді басынан кешіре отырып, бүгінгі күнге жеткен және қазіргі кезде сол тілде сөйлейтін қауымның қоғамдық-әлеуметтік сұранысын белгілі бір дәрежеде өтеп отырған ірілі-уақты түркі тілдерінің барлығына, тіптен түркі сөйленістеріне, белгілі бір тілдің аймақтық ерекшелігін танытатын түркі диалектілеріне қатысты қолданылады. Ал «қазіргі түркі жазба тілдері» деген ұғым шеңберіне XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарынан бастап тіл-тілдің ішкі дамуына қатысты ғана емес, сонымен қатар түркі тілдері таралған аймақтағы қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік өзгерістерге, құрамында түркітілдес халықтар бар мемлекеттер тарапынан жүргізілген тіл саясатының бағыт-бағдарына да байланысты ұлттық жазба тілдер болып даралана дамыған түркі тілдері енеді.

Материалдар және зерттеу әдістері

Бұл зерттеу жұмысында салыстырмалы-сипаттамалы әдіс пен тарихилық ұстанымына негізделген лингвистикалық сараптама тәсілі пайдаланылды. Зерттеудің фактологиялық материалдарының негізін жазба әдеби тілдері қалыптасқан қазақ, башқұрт, құмық тәрізді түркі тілдері лексикологиясының жекелеген және жалпы мәселелеріне арналған іргелі зерттеулер мен түркі лексикографиясында әр жылдары жарық көрген сөздіктер құрайды.

Нәтижелер

Татар, башқұрт, қарачай-балқар, қырым татарлары, қарайым, құмық, ноғай, қарақалпақ, қазақ және қырғыз, алтай тәрізді қыпшақ тобы тілдерінің, болмаса әзірбайжан, гагауз, түрікмен, түрік тәрізді оғыз тобы түркі тіл-

дерінің қоғам сұранысын толықтай өтейтін ұлттық жазба әдеби тіл болып, жан-жақты дамуы бір ғана ғасырдың жемісі деуге, әрине, өсте болмайды. Мұндай деңгейге түркі тілдері тарихи дамудың ұзақ жылдарын басынан өткеріп барып, жетті. Р. Сыздық: «Халықтың әдеби тілінің қалыптасып, дамуы сол халықтың әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты. Қауымның ру-тайпалық деңгейін былай қойғанда, бірнеше саяси-территориялық бөлініп, бытырап келген феодалдық дәуіріндегі әдеби тілі мен ұлт болып құралған кезіндегі әдеби тілі бірдей бірдей болмақ емес. Әсіресе айырмашылық тілдің әлеуметтік қызметі мен стильдік тармақталуы жағынан көзге түседі. Сондықтан осы күнгі ұлт болып халықтасқан халықтардың тілдерін ұлттық дәуірге дейінгі және ұлттық әдеби тілі деп бөліп зерттеу дұрыс деп танылып жүр. Қазақ тілі де дамудың мұндай ортақ белгісінен қалыс қала алмайды» – дейді [3, 12 б.].

Түркі халықтарының ұлттық дәуірге дейінгі жазба тіл дәстүрлері негізінен бәріне ортақ болып келеді. Түркі халықтарының әрқайсысының ертеден келе жатқан ауыз әдебиетін және жете дамыған жалпыхалықтық ауызекі сөйлеу тілін айтпағанда, Орхон-Енисей-Талас жәдігерліктері жазылған сына жазулы көне түркі жазба тілі (VI-VIII ғ.), ортағасырлық түркі ескерткіштері тілі (XII-XVI ғ.), онан кейінгі кезеңдерде территориялық бөліністегі тілдік ерекшеліктерге сай «шағатай тілі» деп аталған ортаазиялық түркі, татар хандықтарының ресми тілі болған алтынорда түркі, Еділ-Жайық бойы түркілері пайдаланған орал-жайық түркі және олардың түркі халықтарының дербес ұлттар болып құралғаннан кейін ресми іс қағаздарын, көркем әдебиетін, тарихи туындыларын жазуға бейімделген жаңашағатай, ескіқазақ, ескітатар, ескіөзбек тәрізді әртүрлі нұсқалары қазіргі түркі жазба әдеби тілдерінің бастау арналарын құрайды.

Түркі тілдерінің ұлттық әдеби жазба тіл болып қалыптасқан кездері де бір-бірімен түстас болып келеді. Мәселен, қазақ және түрікмен тілдері XIX ғ. екінші жартысында, түрік тілі XIX ғ. соңы – XX ғ. басында, әзірбайжан тілі XIX ғ. соңғы ширегінде, қырғыз,

башқұрт, ноғай, құмық тілдері XX ғ. жиырма-сыншы жылдары, гагауз тілі XX ғасырдың 50 жылдары ұлттық әдеби жазба тіл болып қалыптасып, XX ғасырда дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтерілді.

Қазіргі түркі жазба тілдері – графикалық тұрғыдан нақты таңбаланған жазуы бар, қоғамдық-әлеуметтік қызмет өрісі кеңейген, стилдік тармақтарға бөлініп, кемелденген, әдеби тілдің ауызша да жазбаша да түрлері тең дамыған, яғни ұлттық әдеби тіл деңгейіне көтеріле алған тілдер. Мұндай тілдерге түркі тілдерінің Батыс хун бұтағынан өрбитін мынадай тілдерді: бұлғар тобына жататын чуваш тілін; оғыз тобын құрайтын әзірбайжан, гагауз, түрікмен, түрік тілдерін; қыпшақ тобын құрайтын татар, башқұрт, қарачай-балқар, қырым татарлары, қарайым, құмық, ноғай, қарақалпақ, қазақ тілдерін; қарлұқ тобын құрайтын өзбек, ұйғыр тілдерін және Шығыс хун бұтағының ұйғыр-оғыз тобына енетін тува, якут, хакас тілдерін, қырғыз-қыпшақ тобын құрайтын қырғыз, алтай тілдерін жатқызуға болады. Бұлардың бір қатарының, айталық, татар, башқұрт, қарачай-балқар, қырым татарлары, қарайым, құмық, ноғай, қарақалпақ, қазақ және қырғыз, алтай тілдері тәрізді қыпшақ тілдерінің, әзірбайжан, гагауз, түрікмен тәрізді оғыз тілдерінің, өзбек, ұйғыр тәрізді қарлұқ тілдерінің, тува, якут, хакас тәрізді Оңтүстік Сібір түркі тілдерінің, ең көне тектілік белгілерді бойына сақтап қалған Еділ бойындағы чуваш тілінің толыққанды әдеби жазба тіл ретінде функционалдық тұрғыдан тармақтала дамуына Кенес Одағы кезіндегі ұлттық жазу-сызу, оқу-ағарту, білім-ғылым мәселелерінің бүкілодақтық әлеуметтік мән алуының тікелей әсері болды. Ал қазіргі түрік жазба тілі XIX ғ. 20-жылдарындағы Түркияның мемлекет тарапынан жүргізілген тіл саясатына, соның ішінде 1928 жылғы әліпбиге жасалған реформамен тығыз байланысты кемелдене дамуға бет бұрды. Латын жазуына негізделген жаңа әліпбидің қабылдануы, тіл жүйесін әбден көнерген кірме элементтерден тазартуға, түрік тілінің және туыс тілдердің сөз қорын мүмкіндігінше пайдалана отырып, жаңа атаулар тудыру, соның

негізінде түрік тілінің сөз қазынасын толықтыруға, түрік тілінің төл болмысымен толық сай келетін грамматикаларды, оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға, түрік тілінің сөз байлығын сөздіктер түзу арқылы түстеп-түгендеуге, түрік тілінің тарихы мен диалектологиясына, түркі жазба ескерткіштеріне қатысты іргелі зерттеулері қолға алуға т.б. қатысты іс-шаралардың жан-жақты жүргізілуі қазіргі түрік тілінің ұлттық жазба әдеби тіл болып дамуын игі ықпалын тигізді.

Түркітілдес халықтардың әрқайсысының жеке дербес этнос ретінде қалыптасқанға дейінгі және онан кейінгі ауызекі сөйлеу тілдерінің, түркі халықтарына ортақ жазба жәдігерліктер тілдерінің, сондай-ақ ұлттық сипаттағы жаңа дәуір жазба әдеби тілдерінің барлық қаттауларын (сөз қазынасын, грамматикалық құрылысын, дыбыстық жүйесін) және олардың әр тарихи кезеңдеріндегі күй-қалпын тұтас алып, полиаспектілік тұрғыдан зерттеу өте ауқымды, аса күрделі мәселе екені сөзсіз. Дейтұрғанмен кез келген тілдің және оның ауызша, жазбаша үлгілерінің әр деңгейін тілдік ішкі кіші жүйе тұрғысынан әр түрлі аспектіде қарастыру тіл білімінде орныққан методологиялық ұстаным десек, түркі тілдерінің сөз қазынасын салыстыра зерттеу лингвистикалық түркологияның лексикология саласының үлесіне тиеді.

Түркі жазба тілдерінің салыстырмалы лексикологиясының жекелеген және жалпы мәселелері туралы тұжырымдамалық ғылыми пікірлерді бір арнаға тоғыстыру барысында түркі тілдерінің лексикалық құрамына қатысты теориялық білімнің біртұтас корпусы жасалады және түркі тілдері дамуының қазіргі деңгейіндегі ортақтықтар мен айырмашылықтардың аражігі нақты айқындалады. Бұл өз кезегінде екі, үш немесе онан да көп түркі тілдеріаралық, я болмаса тілдік топтар мен тілдік топшалар аралық толыққанды салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы-сипаттамалы зерттеулерге жетелейді.

Тіл туралы ғылым дамуының қазіргі деңгейінде тілдерді салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы және типологиялық тұрғыдан зерттеуге байланысты:

1) туыс тілдердегі ортақ тұстарды тарихи диахрондық аспектіде қарастыратын салыстырмалы-тарихи тіл білімі;

2) бір немесе әртүрлі тілдік семьяға, тілдік топтар мен топшаларға жататын көптеген тілдердің типологиялық ерекшеліктерін анықтауды және сипаттауды көздейтін типологиялық тіл білімі;

3) туыстық деңгейінің алыс-жақындығына, немесе шығу тегінің мүлдем өзгешелігіне қарамастан екі немесе одан да көп тілдердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерттейтін салғастырмалы тіл білімі;

4) туыс тілдерді негізінен синхрондық тұрғыдан зерттейтін салыстырмалы тіл білімі деп жіктеу орныққан бөлініс болып саналады [4; 5; 6; 7].

Салыстыру – адамның ойлау әрекетінің түрі, яғни адам баласының қоршаған ортаны, ақиқат-шындықты тану әдіс-амалдарының бірі, «...кез келген түйсіну мен түсінудің, ойлаудың негізі» [8, 436 б.]. Салыстыру – объектіні жан-жағынан, іштей де, сырттай да қарастыратын көп қырлы құбылыс. Олай болса адамның салыстыру әрекеті нысанның (пәннің) ішкі мазмұны шеңберінде, сондай-ақ нысанаралық (пәнаралық) өзара байланыстар мен қарым-қатынастар шеңберінде де жүзеге асырылады.

Тіл білімінде салыстырудың екі аспектісі де қолданылады: бір тіл шеңберінде қолданылатын тілішілік салыстыру және екі немесе одан да көп тілдер арасындағы сыртқы салыстыру. Тілдік фактілер, ұғымдар, категориялар, тілдің дыбыстық, лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық қасиеттері т.т., ең алдымен, бір-біріне қандай да бір белгілері бойынша ұқсайтын немесе ұқсамайтын тілдік бірліктерді, ұғымдарды, категорияларды тілішілік деңгейде салыстырудың негізінде айқындалады. Мысалы, көпше және жекешеге қатысты грамматикалық категория сөз тұлғалары арқылы сандық мағынаның берілу тәсіліндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар негізінде айқындалады. Сөздің жекеше және көпше тұлғаларындағы ұқсастық олар білдіретін жалпы сандық мағынаға және оның үнемі, тұрақты қайтала-

нып отыруына т.б. қатысты болатын болса, ал айырмашылықты бұл сөз тұлғаларының нақты жекеше немесе нақты көпше мағынаны білдіруі, жекешенің нөлдік флекциямен, ал көпшенің *-лар/-лер/-дар/-дер/-тар/-тер* тәрізді көптіктің көрсеткішімен келуі көрсетеді.

Екі немесе одан да көп тілдер арасындағы салыстыру:

1) бірыңғай туыс тілдер арасында (қазақ және өзбек; қазақ, қарақалпақ және өзбек т.б.);

2) туыс емес тілдер арасында (қазақ және орыс; өзбек және орыс; ноғай және орыс т.б.);

3) туыстас бірнеше тілдер мен туыс емес бір тіл арасында немесе керісінше (қазақ, өзбек, орыс; ағылшын, қазақ, өзбек т.б.) болуы мүмкін.

Екі және одан да көп тілдердің материалдарын жүйелілік принципі негізінде салыстыру барысында жүйелі тіларалық салыстырулар қалыптасады [9; 10; 11; 12]. Түркі тілдерінің, айталық, қазақ және өзбек тілдерінің лексикалық ерекшеліктерін толыққанды зерттеу үшін салыстыру осы тілдер лексикасының барлық аспектісін (лексикалық құрам және оның қабаттары, лексиканың қолданыс аясы, сөз мағынасы және оның түрлері, синонимия, антонимия, сөздің стилистикалық реңкі т.б.) талдауда қолданылады. Ал жүйесіздікке негізделетін тіларалық салыстырулар зерттеліп отырған тілдің өзіндік ерекшелігін жан-жақты ашып, нақты көрсету, я болмаса сол тілдегі нақты құбылысқа деген зерттеушінің көзқарасын, пікірін дәйектеу қажет болған жағдайларда фрагментарлы түрде қолданылады. Мәселен, А. Байтұрсынұлы араб графикасы негізінде қазақтың ұлттық жазуын жасап бергенде татар, ноғай, әзірбайжан, қытай тілдері фактілеріне жүгінеді, сөйтіп қазақ тілінің сингармофонологиялық төлтума болмысын анықтаудың, сингармоалфавит пен сингарморфографияның сәйкесуін жасаудың дәйектемелік күшін арттырады [13]. Демек зерттеудің белгілі бір ғылым саласына тән сипатына, бағыт-бағдарына, ұстанымдарына, әдіс-тәсілдеріне қатысты жоғарыдағы ғылыми ұғымдық аппараттың, терминдік қолданыстардың өзіндік ерекшеліктерін ескерсек:

1) қыпшақ тобы тілдерінің (қазақ, ноғай, башқұрт, татар, құмық, қырғыз) және оғыз

тобы тілдерінің (түрік, әзірбайжан, гагауз, түрікмен) салыстырмалы лексикологиясы салыстырмалы тіл білімі шеңберінде қалыптасады;

2) түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы саласында жүйелік ұстанымына негізделген тілішілік және тіларалық салыстырулар жүзеге асырылады және оларға полиаспектілік сипат дарытылады;

3) зерттеу нысанына ХХ ғасыр басынан жазба тіл ретінде дамудың сапалық жаңа деңгейіне көтерілген түркі тілдерінің лексикалық жүйелері алынатындықтан және олар тіл дамуының қазіргі деңгейінен қарастырылатындықтан, зерттеуіміз салыстырмалы-синхрондық тіл білімі бағытындағы зерттеу болып табылады;

4) түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясында зерттеудің басты әдісі ретінде салыстырмалы-тарихи әдіске, талдаудың салыстыру және сипаттау тәсілдеріне басымдылық беріледі;

5) қазіргі түркі тілдерінің лексикасын зерттеу тек туыс тілдердің бірліктеріне, тілдік құбылыстарға негізделіп қана қоймайды, түркі тілдерінің әрқайсысының сөз қорында туыс емес тілдерден (араб, парсы, моңғол, орыс, латын, грек т.б.) енген кірме сөздер молынан кездесетіндіктен, түркі лексикологиясында салғастырмалы және типологиялық тіл білімдерінің әдіс-тәсілдері де қолданылады.

Талқылау

Түркі тілдерінің, соның ішінде, қазіргі қыпшақ тілдерінің салыстырмалы лексикологиясын қалыптастыру үшін, ең алдымен, осы тілдер бойынша жинақталған аса мол эмпирикалық материалдарды сұрыптап, лингвистикалық сараптамадан өткізуге тура келеді. Осы орайда басты назар бір-бірімен жақын туыстық қатыстылықта болып келетін қазақ, қарақалпақ, башқұрт, құмық, ноғай, татар, құмық, қарашай т.б. қазіргі қыпшақ жазба тілдерінің сөз байлығының, сөздік қорының зерттелу барысына аударылары сөзсіз.

Түркі тілдерінің көбінің, соның ішінде қазақ, қырғыз, башқұрт, құмық, ноғай, татар т.б. қазіргі қыпшақ жазба тілдері лексикасы-

ның зерттелу тарихы өз бастауын орта ғасырдағы түркі халықтарының тілдері жайында бай мағлұмат берілген XI ғасырдағы Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» (Түркі сөздігі) сөздігінен, осы тілдерде сөйлейтін халықтар және олардың тілі жайлы Пано Карпини (XIII ғ.), Гильома Рубрука (XIII ғ.) тәрізді саяхатшылардың, миссионерлердің жолжазбаларынан, XVIII және XIX ғасырларда түзілген ескі сөздіктерден, сонымен қатар түркі компаративистикасының дербес пән ретінде тұғыры қаланған тұстардан (XIX ғ. екінші жартысы) алады.

Мәселен, құмықтар жайында алғашқы мәліметтер және құмық лексикасы басқа түркі сөздерімен бірге салғастырмалы түрде XIX ғасырдың басында атақты неміс саяхатшысы және зерттеушісі Г.Ю. Клапроттың «Reise in den Kaukasus und nach Georgien in den Jahren 1807 und 1808» (I-II, Halle and Berlin 1812-14) деген белгілі еңбегінде беріліп, ғылым игілігіне айналған болса, құмық тілін зерттеу тарихындағы үлкен ғылыми жетістік аудармашы және құмық тілінің мұғалімі Т.Н. Макаровтың 1848 жылы құмықтардың ауызекі тілі негізінде жазған «Кавказ диалектісінің татар грамматикасы» (сол кезеңде татарлар деп Кавказдың барлық түркі халқын атаған) болды. Мұнда құмық тілінің бай көрнекті материалы орыс тіліндегі аудармасымен беріледі.

Құмық тілі үлгілерінің алғашқы жазбалары XVIII ғасырдың 70-жылдарына жатады. Бұған Бакмейстер жинаған лингвистикалық материалдар және кейінірек ҒА құрметті мүшесі Ф.П. Аделунгке (1768–1843) берілген П.С. Палластың материалдарының бірқатар бөлігі кіреді. П.С. Палластың сөздік материалдарының көп бөлігі академик А.М. Шёгрэннің (1794–1855) қарауына беріледі. Бакмейстер, Аделунг және Палластың архивіндегі түркі тілдеріне қатысты материалдар әсіресе «Сравнительный словарь всех языков и наречий» (1787–1789) салыстырмалы-тарихи лексикографияның мақсатына қызмет ете алады.

К.Г. Залеман түсіріп алған көшірме түрінде жеткен А.А. Шифнердің орыс-құмық тілашарының (Qumıqische Gesprache. Nach einer vom Akademiker Schiefner mitgeteilten Handschrift

abgeschrieben von C. Salemann. Reval, 1871), сондай-ақ К.Г. Залеманның студенттік шағында құрастырған (1867–1871) «Орыс-құмық сөздігінің» құмық тілі лексикасының зерттелу тарихындағы маңызы зор [14].

XIX ғасырдың соңында құмық тілі бойынша «Құмық мәтіндері. Шікестелер, Аксай ауылында мұғалім Цаллагов жазып алған» және «Құмық әндері, М. Афанасьев училищесінің меңгерушісі Костеков жазып алған», қосымшасында «Орыс-құмық сөздігі» берілген М.Г. Афанасьев және М.В. Мохирдің «Құмық-орыс сөздігі» тәрізді бірқатар қызықты материалдар жарияланады. 1908 жылы А. Акаев «Суллам ал-лисан» (тілдер баспалдығы) атты төрт тілді аударма сөздігін (араб, құмық, авар, орыс) шығарады. Сөздік грамматикалық-тақырыптық принцип бойынша құрастырылған және 20 тақырыптық бөлімдерден тұрады. Мұнда табиғат құбылыстары, аспан денелері, жыл мезгілдері, адам тәнінің бөліктері, тұрмыс заттары, аңдар атаулары тәрізді ауызекі тілде көп қолданылатын 900 сөз және 150 фразеологиялық бірлік қамтылған. 1909 жылы А. Акаев шешен тілін қосып кеңейтілген, байытылған сөздік шығарады (сөздік 1910, 1914 жылдары қайта шығарылды). Әр тіл бойынша сөздер саны 1000-ға жуық, тараулар саны – 27. Н.И. Лобачевский атындағы Қазан университеті ғылыми кітапханасында сақталған, авторы жоқ, баспа орны және мерзімі жоқ «Құмық-орыс сөздігінде (П-дан Т-ға дейін)» құмық тілінің лексикасы бойынша маңызды материалдар берілген.

Башқұрт лексемалары ортағасырлық зерттеушілер, саяхатшылардың ерте және кейінгі еңбектерінде, атап айтқанда, Клавдия Птолемей (II ғ.), Аммиан Марцеллин (IV ғ.), Менандр Протектор (VI ғ.), Константин Багрянородный (X ғ.), Ибн-Фадлан (X ғ.), Ибн-Русте (X ғ.), Ал-Бакри (X ғ.), М. Қашғари (XI ғ.), Гардизи (XI ғ.), Әл-Бируни (XI ғ.), Әл-Идриси (XII ғ.), Әл-Гарнати (XII ғ.), Пано Карпини (XIII ғ.), Гильома Рубрука (XIII ғ.), Юлиан (XIII ғ.), Әл-Казвини (XIII ғ.), Әл-Асира (XIII ғ.), Абул-Фида (XIII-XIV), Пицигани ағайындылары (XV ғ.), Шерафитдин Йезди т.б. еңбектерінде көбінесе ономастикалық атаулар түрінде кездеседі [15, 9–11 б.].

Башқұрт халқының Ресей мемлекетінің құрамына енуінен кейінгі кезеңдерде башқұрт тілінің лексикасы орыс тілді жазба деректерге енеді. Мәселен, П.И. Рычков «Лексикон или словарь топографической Оренбургской губернии» (1776 ж.) сөздігінде көптеген башқұрт атауларына түсіндірме немесе аударма береді: Ямантау от яман «плохой, худой», Актау – Белая гора, Кизляртау – Девичья гора, Иряк – таш – Осокоревый камень и др. [26, 230–244 б.]. Академик П.С. Паллас жетекшілігімен құрастырылған «Сравнительные словари всех языков и наречий, собранные десницею Всевысочайшей особы» (1787 ж.) сөздігінде көрініс тапқан 200 тілдің лексикалық материалы арасында 285 башқұрт сөзі кездеседі. Ал Орынбор губерниялық кеңесінің коллеждік сот мәжіліскері, башқұрттан шыққан шенелік М. Бичурин құрастырған «Башқұрт тіліне сөздерді аудару» (XVIII ғасырдың 80-жылдары) қолжазбада 360 орыс сөзінің башқұрт тіліндегі аудармасы берілген [16, 12 б.].

XVIII ғасырдағы авторы белгісіз сөздікте орыс сөздері татар, башқұрт және «мещар» тілдеріне аударылып берілген [17]. П. Учадамцев құрастырған «Татар, башқұрт, қалмақ тілдеріне аудармасы берілген сөздер тізімі» түпнұсқалық қолжазба сөздік болып табылады. Онда саны үш жүз елу жеті орыс сөздері жоғарыда аталған тілдерге аударылады [18].

1893 жылы Орынборда белгісіз авторлардың 92 беттен тұратын «Қысқаша орыс-башқұрт сөздігі» баспадан шығарылады. 1899 жылы В.В. Катаринский семантикалық, грамматикалық белгілері бойынша топтарға жіктелген 2500-ге жуық башқұрт сөздері енгізілген «Башқұрт-орыс сөздігін» жариялайды. Бұл сөздік төңкеріліске дейінгі башқұрт және орыс тілдерін зерттеуде практикалық мәні бар және башқұрт лексикографиясында маңызды орын алған еңбек болып саналады [19, 257 б.].

XIX ғ. соңы – XX ғ. басындағы түркологияда үлкен мәнге ие болған екі еңбектің бірі – Л.З. Будагов құрастырған «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, с включением употребительных слов арабских и персидских и с переводом на русский язык» (в 2-х томах, СПб., 1869–1871; қайта шығарылды: тт. I–II.

– М., 1960), екіншісі – акад. В.В. Радлов құрастырған «Опыт словаря тюркских наречий» (в 4-х томах, СПб., 1893–1911; қайта шығарылды: тт. I–IV. – М., 1963). Бұл сөздіктердің біріншісіне екі жүзден астам, екіншісінде – елуге жуық башқұрт сөздері енген болса, Орынбор кадет корпусының оқытушысы М. Бичуриннің «Бұқарлықтар, башқұрттар, қырғыздар және Түркістан тұрғындарына араб, парсы және татар тілдерін үйретудегі алғашқы басшылық» оқулығында орыс, араб және парсы тілдеріне аударылған екі жүзге жуық башқұрт сөздері беріледі [16, 29 б.].

Қазақ лексикасы туралы алғашқы мағлұматтар XVIII ғасырда жарық көрген П.С. Палластың «Орысша-қырғызша сөздігінде» (1774 ж.), XIX ғ. жарық көрген А. Левшиннің «Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей» (1832 ж.), Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» (1861), сондай-ақ қазақ тілінің грамматикасына қатысты П.М. Мелиоранский, В.В. Радлов т.б. түркітанушылардың еңбектерінде кездеседі. Л.З. Будаговтың 1869 ж. шыққан екі томдық «Түрік-татар тілдерінің салыстырмалы сөздігі» қазақ сөздерін талдауға кең орын береді. Мұндағы қазақ сөздерінің басымы көпшілігі қазіргі қазақ сөздіктерінде бар екенін зерттеушілер тілге тиек етеді. Л.З. Будаговтың сөздігін арнайы зерттеген Б. Атабаева [20]: «... Сөздікке енген қазақ сөздерінің саны – 6000. Сөздерді сөз таптарына топтастырғанда: 3600-ден аса зат есім, 1455 етістік, 405 күрделі етістік, 643 сын есім, 120 үстеу, 26 есімдік, 24 одағай, 22 сан есім, 12 шылау, 7 эмоционалды экспрессивті сөз, 6 модаль сөз, 5 қыстырма сөз, 4 сұраулы сөз, 4 еліктеуіш сөз, 2 көмекші етістік бар» – дейді.

XX ғасырдың 40 жылдарынан бастап КСРО құрамындағы түркі халықтарының тілдерін зерттеуге айырықша ден қойылып, нәтижесінде лингвистикалық түркітану саласы әр тіл бойынша тарамдала, тармақтала дамуға бет бұрды. Мәселен, қазақ тіл білімі аясында 1944 жылы Н. Сауранбаев пен Г. Бегалиевтер «Қазақ тілінің грамматикасы» атты педучилищеге арнап жазған оқулықпен қазақ лексикологиясының пән ретінде қалыптасуына

түрен салды. Еңбекте қазақ тілінің лексикасы өз алдына жеке тарау етіп беріліп, сөздік құрамдағы араб, парсы, орыс тілдерінен енген кірме сөздерге талдау жасалады. Қазақ сөздерінің семантикалық сипаттары сараланып, синоним, антоним, омоним сөздерге, архаизм мен неологизмдерге нақты мысалдар беріледі. Аталған оқулық лексикологияның пән ретінде қалыптасуына жасалған алғашқы қадам болғандығымен құнды.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ тіл білімінің лексикология саласы қарқынды дами бастайды. 1954 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясынан «Қазіргі қазақ тілі» атты тұңғыш көлемді еңбек басылып шықты. 554 беттік кітаптың 94 беті алғаш рет таза лексикологияның мәселелеріне арналады. Еңбектің Ғ. Мұсабаев жазған «Сөз – лексикалық единица», «Лексиканың тараулары», «Лексиканы тарихи және стилистика жағынан зерттеу» тәрізді тараушалар мен одан кейінгі «Семасиология», «Қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамы», «Қазіргі қазақ тілі лексикасының стильдік мәні», «Фразеология», «Лексикография» тарауларында қазақ тіл біліміндегі кейінгі зерттеулер мен еңбектерге негіз болған алғашқы ғылыми тұжырымдар жасалады [21, 15–16 б.]. Қазақ лексикологиясы мен фразеологиясының жалпы және жекелеген проблемалары қазақ ғалымдарының ғылыми зерттеулерінің нысанына айналды [22].

XX ғ. екінші жартысында ірге тасы қаланып, дербес пән ретінде қалыптасқан қазақ лексикологиясы – бүгінде этимология, тарихи лексикология, терминология, ономастика, фразеология, лексикография сияқты бағыттарда дамып отырған қазақ тілтаным ғылымының сүбелі саласы. К. Аханов, Ғ. Мұсабаев, Ә.Т. Қайдаров, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев, М. Томанов, Ә. Нұрмағанбетов, Е. Жанпейісов, Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ж. Досқараев, С. Омарбеков, А. Айғабылов, Ә. Айтбаев, Б. Әбілқасымов, А. Аманжолов, Ғ. Айдаров, Ә. Ибатов, Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықов, Ә. Ахметов, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, Қ. Өмірәлиев, М. Оразов, О. Сұлтаняев, Б. Қалиев, К. Құсайынов, Е. Қажыбеков, Н. Уәлиев, Ж. Манкеева, Р. Шойбеков, Е. Керімбаев, Ж. Түй-

мебаев, С. Сәтенова, А. Алдашова, З. Ахметжанова, Г. Смағұлова, Б. Момынова, С. Бизақов, Б. Қасым, М. Малбақов, Қ. Рысбергенова, А. Ислам, Ғ. Әнесов, Ш. Құрманбайұлы, Б. Тілеубердиев, Г. Мадиева, Г. Сағидолда, М. Ескеева, Р. Абақова, А. Салқынбай, Л. Дүйсенбекова, Г. Мұратова, Ж. Тектіғұл, М. Сабыр, Н.Ә. Оразалиева, Б.И. Нұрдәулетова, Қ. Айдарбекова, Қ. Күдерінова, К. Еспаева, Ә. Әміров, С. Иманбердиева т.б. іргелі ғылыми зерттеулері қазақ лексикологиясының салалана дамуына қосылған қомақты үлестер болғаны даусыз. Ал жоғары оқу орындары студенттеріне арналған А. Айғабыловтың «Қазақ тілінің лексикологиясы» (1995), Б. Сағындықұлының «Қазіргі қазақ тілі. Лексикология» (2003), Ә. Болғанбайұлы, Ғ. Қалиұлы «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» (Алматы, 1999) тәрізді оқулықтар мен оқу құралдары практикалық мақсатта жазылған еңбектер болды.

Құмық лексикологиясының пәндік негізі XX ғ. 1930 жылдары А.А. Сатыбалов зерттеулерімен қаланғанымен («Очерки по лексике и семантике кумыкского языка», 1946), ал оның дербес пән ретінде қарқынды дамуы да XX ғ. екінші жартысынан басталады. Құмық тілінің байырғы лексикасы К.С. Кадыраджиевтің «Исконная лексика кумыкского языка» (1981), туыстық атаулар Н.Ә. Гаджихмедованың «Термины родства в диалектах кумыкского языка» (1985), құмық тілі лексикасының этимологиялық аспектісі Л.С. Левитскийдің «К истории кумыкской лексики» (1973), есім және етістіктер жүйесіндегі полисемия У.М. Батырмурзаеваның «Құмық тіліндегі полисемия» (2002), лексикалық синонимдер П.И. Джалилованың «Синонимы и синонимические отношения в лексике кумыкского языка» (2003), құмық тіліндегі омонимдердің түрлері және олармен байланысты семантикалық қарым-қатынастар Б.Ш. Бешировтың «Омонимия в современном кумыкском языке» (2002) деген зерттеулерінде көрініс тапты.

Құмық тіліндегі архаизмдер мен тарихи сөздер П.У. Асадулаеваның «Устаревшая лексика кумыкского языка» (2013), эмотив лексика Ә.М. Эльмурзаеваның «Эмотивы в лексике кумыкского языка» (2009), діни лек-

сика З. Б.Яхъяеваның «Религиозная лексика и фразеология кумыкского языка» (2010), тұрмыстық лексика Э.С. Абдуллаеваның «Бытовая лексика кумыкского языка» (2012) деген зерттеулерінің нысанына алынған болса, құмық тілінің өзге тілдермен қарым-қатынасы мәселесі Н.Э. Гаджихмедовның «Даргинское влияние на кайтакский диалект кумыкского языка» (1985), Ф.Б. Астемированың «Русские заимствования в кумыкском языке» (1968) атты зерттеулерінде өзектеледі.

Құмық тілінің фразеологиялық бірліктерін зерттеуге бағытталған арнайы зерттеулер саны көп емес. Дегенмен олар құмық фразеологиясында антропоцентрилік парадигма аясында лингвомәденитанымдық бағытты орнықтырғанымен маңызды. Айталық, Б.Г. Шахманованың «Морально-этический концепт «совесть» в кумыкской и русской языковых картинах мира (на материале фразеологических и паремиологических единиц)» (2008), С.З. Садыкованың «Фразеологические единицы с компонентом цветообозначения в кумыкском языке» (2012) еңбектерінде құмық дүние бейнесінің тілдік фрагменттері көрініс тапты.

Башқұрт тілі бойынша ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы ғылыми зерттеулер көрнекті түрколог ғалым Н.К. Дмитриевтің есімімен байланыстырылады. Башқұрт тілі білімінде Н.К. Дмитриев алғаш рет терминологиялық лексиканы лингвистикалық зерттеулер объектісіне айналдырды. Оның жетекшілігімен ХХ ғасырдың 30-жылдары РҒА Уфалық ғылыми орталығы Тарих, тіл және әдебиет институты терминология мәселелерімен жемісті түрде айналысты. 1930–1940 жылдары башқұрт тілі бойынша лексикалық материалдар жинақталды, мақалалар жазылды, сөздіктер дайындалып жарияланды. Өткен ғасырдың бірінші жартысында, яғни 30-жылдары өсімдік атаулары (1932), математика (1932), физика (1934 и 1935), химия (1934), медицина (1935), гистология (1935), әлеуметтік-экономикалық-философиялық ғылымдар бойынша (1935) сөздіктер жарияланды. 1950-1970 жылдары терминологиялық сөздіктердің жаңа сериясы шыға бастады. Физика (1949), математика (1949),

химия (1950), зоология (1952), ботаника (1952), география (1952), астрономия (1954), орман шаруашылығы (1954), заң (1956), ауылшаруашылық (1961), әдебиеттану (1965) бойынша аударма және түсіндірме орыс-башқұрт және башқұрт-орыс сөздіктері жарияланды [16].

Терминологиялық сөздіктерді дайындау және жариялау істері әдеби башқұрт тілінің лексикалық нормаларын анықтауда, бекіту және дамуда маңызды рөл атқарды, олардың қосымша корпусы жалпы аударма және түсіндірме сөздіктерде көрініс тапты. Жарияланған орыс-башқұрт (1948, 1954, 1964, 1994, 2002, 2005, 2007), башқұрт-орыс (1958, 1996) және түсіндірме (1993, 2004) сөздіктер сөзтізбесінің толықтырылуымен, материалды өңдеу сапасының жетілдіруімен, сөз мағыналарын түсіндірудің кеңеюімен және нақтылануымен ерекшеленеді. Айталық 1948 жылы Н.К. Дмитриев, К.З. Ахмеров, Т.Г. Баишев редакциялығымен РҒА Уфалық халық орталығы Тарих, тіл және әдебиет институты қызметкерлері дайындаған «Орыс-башқұрт сөздігі» 40 000 сөзден тұрады; 1964 ж. сөздікте (жау. ред. К.З. Ахмеров) – 46 000 сөз; 2005 ж. екі томдық сөздікте (жау.ред. З.Г. Ураксин) – 60 000-ден астам сөз қамтылған.

Башқұрт лексикасының толық және жан-жақты зерттелуі Дж.Г. Киекбаев есімімен байланысты болып келеді. Оның башқұрт лексикасының дамуы туралы концепциясы «Лексика и фразеология современного башкирского языка» кітабында баяндалды. Бұл еңбекте алғаш рет башқұрт тілі білімі орал-алтай тілдері ортақтығы теориясы негізінде сипатталып, башқұрт, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріне ортақ лексика талданады, араб және парсы кірме сөздері жеке қарастырылып, башқұрт тілінің сөздік құрамындағы семантикалық-құрылымдық өзгеріс зерттеледі [23]. Лексиканы зерттеуге башқұрт диалектологтарының қосқан үлесі зор. Мәселен, Т.Г. Баишев диалектілердің әдеби тілмен қарым-қатынасы мәселелерін қарастырса, башқұрт лексикасының субстрат мәселесімен, башқұрт тіліндегі диалекті лексиканы фин-угор тілдері материалдарымен салыстыра-салғастыра зерттеумен Н.Х. Ишбулатов айналысты [24]. Башқұрт

халқының басқа халықтармен тілдік байланысына С.Ф. Миржанова үлкен көңіл бөлді [25].

Ә. Ф. Ишбердин зерттеулерінде башқұрт тілінің сөздік құрамындағы фин-угорлық қабатқа, башқұрт-моңғол, башқұрт-қыпшақ лексикалық байланыстары мәселелеріне көңіл бөлінді [26]. Башқұрт тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері Ә.Ф. Ишбердиннің «Историческое развитие лексики башкирского языка» (1986), М.Х. Ахметовтың «Глагол в языке орхоно-енисейских памятников (в сравнительном плане с современным башкирским языком)» (1978), Т.Г. Гариповтың «Кыпчакские языки Урало-Поволжья. Опыт синхронической и диахронической характеристики» (1973), Р.Х. Халиковтың «Язык башкирских шежере и актов документов XVIII-XIX вв.» (1990) атты зерттеулерінде, ономастикалық лексикон А.А. Камалов, Т.Х. Кусимова, Ф.Г. Хисамитдинова, М.Г. Усманова, Р.З. Шакуров, З. Шайхисламованың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Соңғы 40–50 жылда башқұрт тіл білімінде екітілді терминологиялық сөздіктермен қатар тілдің семасиологиялық және сөзжасамдық құбылыстары бойынша лексикографиялық жұмыстар жүргізіліп, синонимдер сөздігі (құрас.: З.Г. Ураксин; 1966, 1985, 2000), омонимдер (құрас.: М.Х. Ахтямов; 1966, 1986), антонимдер (құрас.: М.Х. Ахтямов; 1973, 2009), паронимдер (құрас.: К.Г. Ишбаев, З.К. Ишкильдина; 2001), фразеологиялық бірліктер (құрас.: З.Г. Ураксин, Ф.А. Надршина, Х.Г. Юсупов; 1973, 1989, 1996, 2006), морфемалар (құрас.: М.Х. Ахтямов, З.Г. Уразбаева, Ф.Г. Хисамитдинова, А.М. Ишегулова; 1992, 1994, 2004, 2005, 2008) сөздіктері құрастырылды. Ономастикалық материалдар жарияланды: жалқы есімдер сөздік-анықтамасы (құрас.: Т.Х. Кусимова, С.А. Биккулова, Ф.Г. Хисамитдинова, Р.И. Султанова, С.Х. Тупеев; 1976, 1982, 1991, 2000), топонимдер сөздігі (құрас.: А.А. Камалов, Р.З. Шакуров, Г. Ураксин, М.Ф. Хисматов, Ф.Г. Хисамитдинова, З.А. Сиразитдинов, Н.Ф. Суфьянова, Ю.Х. Юлдашбаев; 1980, 1992, 1994, 2000, 2001, 2002, 2005, 2006, 2008, 2009); сөздіктің функциональды-когнитивті, жиілік, идеографиялық тәрізді жаңа формалары пайда бол-

ды: функциональды-когнитивті (2000, 2002, 2003, 2007), жиілік (құрас.: З.А. Сиразитдинов; 1995, 1997, 2002, 2006), идеографиялық (құрас.: М.Г. Усманова; 2005) [16, 32–33 б.].

Соңғы жылдары башқұрт лексикологиясында жаңа бағыттар қалыптасып дамыды: башқұрт халқының дүниенің тілдік бейнесі, этнолингвистика, лингвомәдениеттаным және т.б. Бұл бағыттар бойынша монография, сөздіктер, көлемді мақалалар және ғылыми-көпшілік еңбектер жарияланды. Оның ішінде, мифологиялық және этномәдениеттанымдық лексика, тууылу және жерлеу дәстүрі лексикасы, сан символикасы және түсті білдіру, дуа оқу және «Орал – батыр» эпосы лексикасы бойынша монография және сөздіктер шығарылды. Мысалы: Ф.Г. Хисамитдинованың «Мифологический словарь башкирского языка» (2010) және «Словарь башкирской мифологии» (2011), Л.Р. Сулейманованың «Лексика и фразеология погребально-поминального обряда в башкирском языке» (2006), Г.Р. Батыршинаның «Терминология родинного обряда башкир» (2008), Г.Т. Муратованың «Символика чисел в башкирском языке» (2009), Г.Г. Исхакованың «Языковые и стилистические особенности башкирских заговоров» (2009), Г.Г. Кульсарина «Язык и стиль башкирских народных сказок» (2012) т.б. Соңғы жылдары башқұрт тілтанушылары он томдық академиялық сөздік жұмысына кірісті, оның алғашқы төрт томы 2011–2012 жылдары жарық көрді. Бұл сөздік башқұрт лексикологиясы тарихында алғашқы төрт тілді түсіндірме-аударма сөздік болып табылады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың 50 жылдарынан бастап қыпшақ тобына енетін қазақ, қырғыз, құмық, ноғай, башқұрт тәрізді жазба тілдердің әрқайсысының лексикология саласы ірі-ірі жетістіктеріне қол жеткізді десек те, әр түркі жазба тілінің лексикалық қазынасы, сөз байлығы қазіргі тілтаным ғылымы тұрғысынан келгенде біршама тереңдеп зерттелді десек те, түркі лексикологиясында мүлдем зерттелмеген немесе аз зерттелген мәселелер

баршылық. Әсіресе түркі жазба тілдерінің, соның ішінде қыпшақ тобын құрайтын, өзара жақын туыстық қатыстағы татар, башқұрт, қарачай-балқар, қырым татарлары, қарайым, құмық, ноғай, қарақалпақ, қазақ т.б. тілдердің салыстырмалы лексикологиясының жекелеген және жалпы мәселелері туралы тұжырымдамалық ғылыми пікірлерді бір арнаға тоғыстырудың маңызы зор. Бұл бағыттағы зерттеулер барысында түркі тілдерінің лексикалық құрамына қатысты теориялық білімнің біртұтас корпусы жасалады және түркі тілдері дамуының қазіргі деңгейіндегі ортақтықтар мен айырмашылықтардың аражігі нақты айқындалады.

Түркі тілдері де өзге тілдер тәрізді құрылымы бөтен тілдермен тікелей немесе жанама түрде қарым-қатынасқа, өзара ықпалдастыққа түсу барысында сөз қорларын әр

заманның қоғамдық-әлеуметтік келбетіне сай туындаған жаңа сөздермен байытып, кірме сөздермен толықтырып отыратыны, қайсы бір түркі тілдерінің белгілі бір геосаяси кеңістікте қоғамдық қарым-қатынастағы қолданылу өрісінің тарылуына байланысты әлеуметтік қызметтерін толыққанды атқарудан қалып, жойылып жоғалуға бет бұрғаны да белгілі. Бұл кез келген тілдің заманалар легіндегі дамуы барысында болған және бола беретін тілдік үдеріс. Сондықтан жаһандану үдерісі белең алып, әлемдік техногендік-ақпараттық кеңістік біртұтастанған қазіргі кезеңде түркі тілдерінің, соның ішінде қазіргі қыпшақ тілдерінің лексикалық қорын барынша жинақтаудың және салыстырмалы бағыттағы зерттеулерді жаңдандырудың түркі әлемінің интеграциясы мәселесіндегі қыпшақ факторының орнын айқындаудағы маңызы ерекше.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Süer E. Çağdaş Türk dülü. – 7 Baskı. – Ankara, 2011. – 108 s.- кітап
2. Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и её изучение / Институт языкознания АН СССР. – М.: Наука, 1981. –136 с. - кітап
3. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – 400 б. - кітап
4. Большой энциклопедический словарь. Языкознание / Под ред. В.Н.Ярцевой. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2000. – 687 с. - кітап
5. Тіл білімі сөздігі (Словарь по языкознанию) / Ред. басқарған проф. Ә.Д. Сулейменова. – Алматы: Сорос-Қазақстан қоры. Ғылым, 1998. – 544 б.- кітап
6. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2005. – 440 б. – кітап
7. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Изд.-во Советская энциклопедия, 1966. – 608 с. - кітап
8. Ушинский К.Д. Собрание сочинений: В 11 т. / К. Д. Ушинский. – М.: Изд.-во Академии педагогических наук, 1948. – Т. 2. – 224 с. - кітап
9. Климов Г.А. Вопросы методики сравнительно-генетических исследований. – Л., 1971. – 87 с. - кітап
10. Буранов Дж. Сравнительная типология английского и тюркских языков. – М.: Высшая школа, 1983. – 267 с. - кітап
11. Сулейменова Ә.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – 2-е изд. – Алматы: Демей, 1996. – 208 с. - кітап
12. Бакиров П.У. Семантика и структура номинацентрических пословиц (на материале русского, узбекского, казахского языков). – Ташкент: Фан, 2006. –298 с. - кітап
13. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б. - кітап

14. Дмитриев Н.К. Материалы по истории кумыкского языка // Языки Северного Кавказа и Дагестана. – М.–Л., 1949. – Вып. 2. – С. 183–247. - кітап
15. Башкирский язык? Пожалуйста! = Башкорт теле? Рәхим итегез! / под ред. Ф.Г. Хисамитдинова. – Уфа: Китап, 2000. – 204 с. - кітап
16. Академический словарь башкирского языка / под ред. Ф.Г. Хисамитдинова. В 10 т. – Уфа: Китап, 2011. – Т. 1. – 432 с.- кітап
17. Санкт-Петербургский филиал Архива РАН. Ф. 94. Оп. 2. Ед. хр. 19. - каталог
18. Санкт-Петербургский филиал Архива РАН. Ф. 94. Оп. 2. Ед. хр. 103 а. - каталог
19. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. – Изд. 2-е, доп. и исправл. – Л.: Наука, 1982. – 360 с. - кітап
20. Атабай Б. Л.З. Будагов және қазақ тілі. – Алматы, Қазақ университеті, 2001. – 129 б. - кітап
21. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. Лексика, фонетика, грамматика. – Алматы: Ғылым, 1954. – 562 б. - кітап
22. Ермеков Ә. «Семантика слитных слов в казахской лексике». – АҚД., А., 1950; Аханов К. «Омонимы в казахском языке». – АҚД., А., 1956; Болғанбаев Ә. «Синонимика имени существительного в современном казахском языке». – АҚД., А., 1957; Барлыбаев Р. «Расширение и сужение значений слов в казахском языке». – АҚД., А., 1963; Мусин А. «Антонимы в казахском языке». – АҚД., А., 1970; Садықбеков Р. «Проблемы многозначности слова в казахском языке. – АҚД., А., 1973. т.б. – мақалалар жинағы
23. Кейекбаев Ж.Ф. Хәзерге башкорт теленең лексикаһы һәм фразеологияһы. – Өфө: БДУ, 2002. – 264 б. - кітап
24. Ишбулатов Н.Х. Башкорт диалектологияһы. – Өфө: Китап, 1979. – 88 б. - кітап
25. Миржанова С.Ф. Северо-западный диалект башкирского языка (формирование и современное состояние). – Уфа: Башкирское книжное изд-во, 1991. – 296 с. - кітап
26. Ишбердин Э.Ф. Историческое развитие лексики башкирского языка. – М.: Наука, 1986. – 151 с. - кітап

Бұл мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2020-2022 жылдарға арналған № АР08856398 «XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясы: қыпшақтық фактордың лингвистикалық аспектілері» гранттық жобасымен қаржыландырылған.

¹Г.Сагидолда, ²А. Қайратқызы

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Қазақстан

²Национальный научно-практический центр «Тіл-қазына»

имени Ш. Шаяхметова, Нур-Султан, Қазақстан

Сравнительная лексикология тюркских языков и ход изучения лексики современных кипчакских письменных языков

Аннотация. В статье подчеркивается важность формирования предметной основы сравнительной лексикологии современных тюркских языков, которая объединяет концептуальные научные взгляды на лексикон, лексический фонд, словарный состав тюркских языков. В статье также теоретический обосновывается необходимость лингвистической экспертизы по достижениям в области лексикологии отдельных языков для создания единого корпуса теоретических знаний относительно лексического состава тюркских языков и лексического фонда современных тюркских языков, анализируется состояние изученности лексики современных кипчакских языков, таких как казахский, башкирский, кумыкский.

В ходе исторической эволюции языкового развития некоторые языки, принадлежащие к кипчакской группе тюркских языков развились во всех направлениях и поднялись до уровня литературно-письменных языков, другие в какой-то степени функционируют как устная разговорная речь или являются диалектами определенного языка, а некоторые находятся в опасных лингвоэкологических условиях на грани вымирания.

Казахский, башкирский, кумукский языки – это близкородственные языки, которые формировались и развивались как национальные письменные языки с первых десятилетий двадцатого века. При сравнении каждого из этих языков с точки зрения современного уровня развития современных кипчакских языков четко определяется соотношение лексических общностей и различий между этими языками.

Ключевые слова: тюркские языки, тюркские письменные литературные языки, кыпчакская языковая группа, современные кыпчакские языки, традиции письменных языков, сравнительная лексикология, словарная казна, лексический фонд, казахский язык, башкирский язык, кумыкский язык

¹G. Sagidolda, ²A. Kairatkyzy

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²National Scientific and Practical Center «Til-Kazyна»

named after Sh. Shayakhmetova, Nur-Sultan, Kazakhstan

Comparative lexicology of the Turkic languages and the course of studying the vocabulary of modern kipchak written languages

Abstract. The article emphasizes the importance of forming the subject basis of comparative lexicology of modern Turkic languages, which combines conceptual scientific views on word formation and vocabulary of the Turkic languages. The article also theoretically substantiates the need for linguistic expertise on the achievements in the field of lexicology of separate languages to create a unified corpus of theoretical knowledge of the Turkic languages lexical composition and the lexical fund of modern Turkic languages, analyzes the state of knowledge of the vocabulary of modern Kipchak languages, such as Kazakh, Bashkir, Kumuk.

In the course of the historical evolution of linguistic development, some languages belonging to the Kipchak group of Turkic languages have developed in all directions and have risen to the level of literary and written languages, others to some extent function as oral colloquial speech or are dialects of a particular language, and some are in dangerous linguistic and ecological conditions on the verge of extinction.

Kazakh, Bashkir, and Kumuk languages are closely related languages that have been formed and developed as national written languages since the first decades of the twentieth century. When comparing each of these languages from the current level of development of modern Kipchak languages, the ratio of lexical commonalities and differences between these languages are clearly determined.

Key words: Turkic languages, Turkic written literary languages, the Kipchak group of Turkic languages, modern Kipchak languages, traditions of written languages, comparative lexicology, dictionary treasury, lexical fund, Kazakh language, Bashkir language, Kumyk language

References

1. Süer E. Çağdaş Türk dülü. – 7 Baskı. – Ankara, 2011. – 108 s. - book
2. Baskakov N. A. Altai family of languages and its study / Institute of Linguistics of the USSR Academy of Sciences. - M.: Nauka, 1981. -136 p. - book
3. Syzdyk R. History of the Kazakh literary language. - Pavlodar: S. Toraigyrov PSU, 2010. - 400 P. - book
4. A large encyclopedic dictionary. Linguistics / Edited by V. N. Yartseva. - M.: Bolshaya Rossiyskaya enciklopediya, 2000 – - 687 p. - book
5. Dictionary of linguistics (language dictionary) / Ed. head of the department was Professor E. D. Suleimenova. - Almaty: Soros Foundation-Kazakhstan. Nauka publ., 1998. - 544 P. - book
6. Kaliev G. Explanatory Dictionary of terms of Linguistics. - Almaty: Dictionary-Dictionary, 2005. - 440 P.- book
7. Akhmanova O. S. Dictionary of linguistic terms. - M.: Publishing house of the Soviet Encyclopedia, 1966. - 608 p. -book
8. Ushinsky K. D. Collected works: In 11 volumes / K. D. Ushinsky. - M.: Publishing House of the Academy of Pedagogical Sciences, 1948. - Vol. 2. - 224 p. - book

9. Klimov G. A. Questions of the methodology of comparative genetic research. - L., 1971. - 87 p. -book
10. Buranov Jh. Comparative typology of English and Turkic languages. - M.: Higher School, 1983. - 267 p. - book
11. Suleimenova E. D. Kazakh and Russian languages: fundamentals of contrastive linguistics. -2nd ed. – Almaty: Demeu, 1996. - 208 p.- book
12. Bakirov P. U. Semantics and structure of nominocentric proverbs (based on the material of Russian, Uzbek, and Kazakh languages). - Tashkent: Fan, 2006. -298 p. - book
13. Baitursynov A. language teaching (works related to the Kazakh language and education). - Almaty: native language, 1992. - 448 P. - book
14. Dmitriev N. K. Materials on the history of the Kumyk language // Languages of the North Caucasus and Dagestan. - M.-L., 1949. - Issue 2. - pp. 183-247. -book
15. Bashkir language Please! = Bashkir language= Welcome! / edited by N. F. G. Khisamitdinov. - Ufa: Kitap, 2000 -- - 204 P. - book
16. Academic dictionary of the Bashkir language / ed. by F. G. Khisamitdinov. In 10 vols. - Ufa: Kitap, 2011. - Vol. 1 -- - 432 p. - book
17. St. Petersburg Branch of the Archive of the Russian Academy of Sciences. F. 94. Op. 2. Ed. chr. 19. – catalog
18. St. Petersburg Branch of the Archive of the Russian Academy of Sciences. F. 94. Op. 2. Ed. chr. 103 a. - catalog
19. Kononov A. N. History of the study of the Turkic languages in Russia: Pre-October period. - Ed. 2nd, add. and corrected-L.: Nauka, 1982. - 360 p.
20. Atabay B., L.Z. Budagov and the Kazakh language. - Almaty, Kazakh University, 2001. - 129 P. – book
21. Balakaev M., Kordabayev T. Grammar of the modern Kazakh language. Vocabulary, phonetics, and grammar. Almaty: Nauka publ., 1954. – 562 P.
22. Yermekov A. «Semantics of merged words in the Kazakh vocabulary». - AKD., A., 1950; Akhanov K. «Homonyms in the Kazakh language». - AKD., A., 1956; Bolganbayev A.. «Synonymy of the noun in the modern Kazakh language». - AKD., A., 1957; Barlybaev R. «Expansion and narrowing of the meanings of words in the Kazakh language». - AKD., A., 1963; Musin A. «Antonyms in the Kazakh language». - AKD., A., 1970; Sadykbekov R. « Problems of polysemy of the word in the Kazakh language. - AKD., A., 1973.etc – collection of articles
23. Keyekbayev Zh.G. Lexicon and phraseology of the modern Bashkir language. - Ufa: BDU, 2002 -- - 264 p. – book
24. Ishbulatov N. H. Ethnography of the Bashkirs (dialectology of the Bashkir language). - Ufa: Kitap, 1979. - 88 p. – book
25. Mirzhanova S. F. North-Western dialect of the Bashkir language (formation and current state). - Ufa: Bashkir Book Publishing House, 1991. - 296 p. – book
26. Ishberdin E. F. Historical development of the Bashkir language vocabulary. - Moscow: Nauka, 1986. - 151 p. – book

Авторлар туралы мәліметтер

Сағидолда Г. – филология ғылымының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Қайратқызы А. – Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Sagidolda G. – Doctor of Philological Science, Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Kairatkyzy A. – National Scientific and Practical Center «Til-Kazyna» named after Sh. Shayakhmetova, Nur-Sultan, Kazakhstan